

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

ратификациялады, оның қағидалары қылмыстық-процесстік заңнама үстінен басымдылыққа ие.

Қазіргі ҚР ҚПК кейбір нормалары Қазақстан Республикасының Конституциясына қарама-қайшы келіп қана қоймастан, АСҚХП қағидаларына да сай келмейтін болып отыр.

Қазіргі ҚР ҚПК нормалары азаматтардың жеке және отбасылық өміріне ерікті немесе заңсыз араласуға, олардың тұрғын үйлеріне немесе олардың құпияларына қол сұғылмаушылығына ерікті немесе заңсыз қастандық жасауға тыйым салатын АСҚХП 17 бабының талаптарына сай келмейді[7].

БҰҰ адам құқықтары бойынша Комитеті өз баяндамаларында бірнеше рет заңнамалары АСҚХП 17 бабының талаптарына сай келмейтіндігі үшін бірқатар мемлекеттер үкіметін сынға алған болатын. Мысалы, 1995 жылы БҰҰ адам құқықтары бойынша Комитеті Ресей Федерациясы бойынша өзінің ескертулерінде «жеке телефон байланыстарына басып кіру механизмдері жеке өмірге заңды түрде араласу шарттарын және заңсыз араласудан қорғау кепілдігі бекітілген нақты заңнамаларсыз да әрекет етуін жалғастырып келе жатқандығына» алаңдаушылығын білдірген болатын[8].

Адам құқықтары бойынша Еуропалық Конвенциясы да АСҚХП 17 бабына ұқсас қағидаларға ие. Соның ішінде АҚЕК 8 бабында:

Мұндай араласу заңда қарастырылған жағдайларда және ұлттық қауіпсіздік және қоғамдық тәртіп, елдің экономикалық әл-ауқаты мүддесін қорғау үшін, тәртіпсіздіктер мен қылмыстардың алдын алу мақсатында, денсаулықты қорғау немесе басқа тұлғалардың адамгершіліктерін немесе құқықтары мен бостандықтарын қорғау үшін қажетті болған жағдайлардан басқа барлық жағдайда халықтық билік тарапынан бұл құқықтың жүзеге асырылуына жол берілмейді.

Қолданылған әдебиет

1. Международное уголовное право. Учебн.пособие/Под общей ред. В.Н. Кудрявцева. 2-е изд. перераб. и доп. – М.: Наука, 1999. – 264 с.
2. Валеев Р.М. Выдача преступников в современном международном праве. (Некоторые вопросы теории и практики). Казан.,Казанский университет,1976 год.- С.128.
3. Қазақстан Республикасы Конституциясы, 1995 ж.
4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі.–Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 204 б.
5. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік Кодексі. – Алматы: ЮРИСТ, 2015. – 344 б.
6. Токсанбаев А.Б. Организационно-правовые основы создания и правовой статус НЦБ Интерпола в РК,2002 год,; № 4 , с.49-53.

УДК 342

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫ – ҚОҒАМДЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚТЫҢ БЕЛГІСІ

Сейпулов Жанболат

mr.president_11@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Заң факультетінің 1-курс студенті,

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші - Ж.И.Ибрагимов

Әрбір мемлекетте жазылған да, жазылмаған да конституциялар болады. Әдетте, конституцияда мынадай үш түрлі мәселе бекітіледі: мемлекеттік және қоғамдық құрылыс, адамның немесе азаматтың құқықтық мәртебесі, сондай-ақ мемлекеттік органдардың

қызметтік жүйесі. Бұлар қоғам үшін ерекше маңызге ие. Сондықтан да, конституцияны мемлекеттің негізгі заңы деп атайды. Мәніне, реттейтін мәселелердің маңызына қарай, ол құқықтық жүйеде шешуші рөл атқарады. Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың: «Қазақстан Конституциясы – бұл заң қарпінде өрнектелген жалпыұлттық идея. Ол біздің ата-бабаларымыздың көптеген ұрпақтарының азаттық және өз тағдырын өзі шешу мүмкіндігі туралы, билік барша халықтың мүддесіне қызмет ететін мемлекет туралы, бүкіл әлемге белгілі әрі құрметтелетін тәуелсіз ел туралы армандарының осы заманғы құқықтық түсініктерін бейнеледі», - деп атап көрсетуі Конституцияны реттеуші құрал ретінде ғана емес, сондай-ақ оның халықпен тығыз байланысқан қатынасы ретінде тануы екенін түсінеміз.

Әділетті өмір орнату жолындағы ізденістердің барысында конституция XVII-XVIII ғасырларда өмірге келген. Оның мәнін қазақшаласақ, өміріміздің, тыныс-тіршілігіміздің, ел-жұрт болып бірігіп мемлекет құруымыздың тетігі. Міне, осындай конституция алғаш рет Англияда 1679 және 1688 жылдары құқықтар жөніндегі билль деген атпен қабылданған. Жазбаша конституция ең алғаш 1787 жылы АҚШ-та, одан кейін 1791 жылы Франция мен Польшада өмірге келген.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы – Бесінші Атазаң. Алғашқы Қазақстан Конституциясы 1926 жылы 18 ақпанда қабылданды. Бұл Негізгі заң басқару нысанын, мемлекеттік құрылысты, саяси режимді, мемлекеттік биліктің органдары құрылымын, атқарушы, өкім беруші органдарын бекітті, онда сайлау құқығының, бюджеттік құқықтың негізгі бастаулары белгіленді. Осы Конституцияға сәйкес Қазақстан РСФСР құрамындағы толық құқықты республика болып танылды. 1937 жылғы 26 наурызда қабылданған Қазақ КСР Конституциясында «КСРО Конституциясының 14-бабының шегінен тыс Қазақ КСР-і өзінің егемендік құқықтарын толық сақтай отырып, мемлекеттік билікті дербес жүзеге асырады» [1], – деп жазылған. 1937 жылғы Конституцияда сондай-ақ экономикалық, саяси қорғаныс, басқа тең құқықты республикалармен ерікті бірігу, ҚазКСР келісімінсіз аумағының өзгертілмейтіні, республиканы басқару мәселелері бекітілген, сондай-ақ жоғарғы республикалық және жергілікті өкімет органдарының, заңнамалардың орындалуын бақылау, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті және азаматтардың құқықтарын қорғау, салық салу сынды мәселелер қарастырылған. 1978 жылы 20 сәуірде қабылданған Қазақ КСР Конституциясына сәйкес бүкіл өкімет билігі жұмысшы, шаруа және еңбек интеллигенциясы таптарына жататын халықтың қолында болды. Өкімет билігі мен басқару жүйесінің үстінен Қазақ КСР Коммунистік партиясы бақылау орнатты. 1978 жылғы Конституцияда республиканың ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылысы, жоғарғы және жергілікті билік пен басқару құзыреті, сайлау жүйесінің принциптері, халық депутаттарының құқықтық мәртебесі, экономикалық және әлеуметтік даму мемлекеттік жоспары институттары, мемлекеттік бюджет, сот тәртібі, төрелік соты, прокурорлық қадағалау мәселелері қамтылды [2, 53].

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы республика президенті Н.Ә.Назарбаевтың тікелей басшылығымен қысқа мерзім ішінде әзірленді. Ол халық талқылауынан өтіп, референдум арқылы өз күшіне енді. Жаңа Конституцияның өмірге келуі, жан-жақты сараптамадан өтуі Н.Назарбаевтың атымен тікелей байланысты. Конституция мемлекеттік тәуелсіздік алған күнінен бастап көптеген құқықтық нормаларды қамтыды: халық тәуелсіздігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, билікті бөлу қағидаттары, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде мойындау, Президентті мемлекет басшысы ретінде мойындау, сот органдары — Жоғары, Конституциялық және Жоғары Арбитраждық соттар және басқалар. 1993 жылғы Конституцияның негізіне парламенттік республика моделі жатады [3, 66]. Бірақ, көп ұзамай 1993 жылғы Конституция саяси, құқықтық негізге келмей, жана Ата Заңымыздың жобасын құру мәселесі туындады.

Қазақстан Республикасының қазіргі Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда бүкіл халықтық референдумда қабылданды. Бұл оқиға сол кезде қазақ халқы үшін, біздің мемлекетіміз үшін үлкен қуанышты жағдай болды. Өйткені, Кеңес Одағының құрамында жүргенде біздің Республикамыздың Конституциясы Одақтық Конституцияның сарынымен

жасалып, сол арқылы жұмыс істейтін. Ал бұл Қазақстан дербес мемлекет болып құрылған соң қабылданған, реттелген, бірізділікке келтірілген Конституция болды. Ол Конституцияның ең бірінші ерекшелігі – мемлекет басқару жүйесін толық бір жүйе ретінде қарастыруы еді. Яғни, заң шығарушы, атқарушы және сот биліктерін өз алдына бөлек орган ретінде емес, тұтас құрылымдық жүйе қылып қалыптастырып, олардың міндеттері және жауапкершілігін белгілеп берген Конституция болды. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды. Осы Атазаңымыз қабылданған сәттен бастап, тәуелсіздік туын желбіретіп, дербес, егеменді елдердің қатарына қосылып, алға қарай дамуымыздың жаңа сатысына көштік. Құндылықтарымыздың негізін айнытпай орындаудың нәтижесінде аз ғана уақыттың ішінде тұғыры берік, туы биік мемлекеттігімізді орнатып, тәуелсіздігімізді паш еттік. Конституция біздің еліміздің бірлігінің, тұтастығының белгісі іспеттес болды. Елбасымыз айтып өткендей, Ата Заң – мемлекеттік биліктің қайнар көзі – халықтың өзі екенін айқындады, жаңа Конституция қабылдау арқылы Қазақстан жаңа дәуірге қадам басты [4]. Конституцияны қабылдау кезінде жүргізілген референдум егеменді еліміздің дербестігі мен саяси тұрақтылығын сипаттаған бірден бір тарихи, әлеуметтік маңызы зор құжатқа айналды. Негізгі Заң халыққа түсінікті де мағыналы түрде баяндалған. Конституциямызда айтылғандай, еліміздің ең басты қазынасы адам, оның құқығы мен бостандықтары болып табылады. Аталған заңнама осындай ұлан ғайыр елімізде бірлігіміз жарасып, бір жеңнен қол, бір жеңнен бас шығарып, тату-тәтті өмір сүруіміздің кепілдігі мен айқын нышаны болып табылады. Осы негізде басты конституциялық қағидаттар – бейбітшілік пен тұрақтылық, бүкіл халық игілігі жолындағы экономикалық даму қамтамасыз етіледі. Халықтың бірлігі – бұл ең алдымен мемлекеттік институттардың мызғымастығы. Мемлекеттің қалыптасуы, әлеуметтік, экономикалық және саяси жаңғырту жағдайында жоғары биліктің әлсіз болуға құқығы жоқ. Барлық мәселелер біртұтас мемлекеттік билік тармақтарының өзара ықпалдастығы туралы қатаң конституциялық қағидаттар негізінде шешілді. Негізгі Заң Қазақстанның сыртқы саясатының басты қағидаттарын – теңдестірушілікті, саликалылықты, достастық қатынасты, көпвекторлықты орнықтырды. Конституциямыз барлық адамдардың теңдігін, құқықтарының біркелкілігін қамтамасыз етеді.

1993 және 1995 жылғы Конституциялардың алдыңғылардан елеулі айырмашылығы – бұлар тұңғыш рет мемлекеттік тәуелсіздікті, егемендікті және Қазақстан халқының толық билігін бекітіп, одан әрі орнықтырады. Соңғы Ата Заңда құқықтық мемлекеттің қалыптастырылу бағыттары, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, соның ішінде жеке адамның жан-жақты қалыптасуына қажетті экономикалық еркіндігі, идеологиялық пен саяси әр алуандығы, халық билігін жүзеге асырудың демократиялық амалдары, экономикалық қатынастардың қызмет етуі әлемдік талаптарға сай бейнеленеді. Қазақстан Республикасы жаңа Конституциясының мәтінінен байқағандай, оның нормалары ұзақ жылдарға бейімделген, тұрақты, жалпы мәндес болулары тиіс. Конституцияға құқықтық акт ретінде ғана емес, оны бүкіл қоғамымыздың әділеттілік адамгершілік бағытын ұстаушы қалып ретінде қарауымыз керек. Өзінің мәні жағынан конституция ол қабылданған кездегі саяси күштердің арақатынасын көрсетуші қоғамның әр түрлі бөліктерінің саяси мүдделері тоғысқан бейнебір қоғамдық шарт маятнигі болып табылады. Мұндай қоғамдағы үйлесімсіз ешқандай құқықтық тәртіптің орнығуы мүмкін емес.

Конституцияда жалпы адамзаттық, сондай-ақ ұлттық құндылықтар бекітілген, Қазақстан халқының бірыңғай еркі, оның интеллектуалдық әлеуетін және халықаралық қоғамдастықтың негізгі стандарттары көрсетілген. Конституция нормаларының халықаралық құқық нормаларымен өзара келісуі Қазақстанды дамыған құқықтық жүйесі бар мемлекеттермен бір деңгейге қояды.

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы Ата заңды қабылдауымен тәуелсіздік мемлекет ретінде біздің еліміздің конституциялық ресімдеуінің қалыптасуы аяқталды. АҚШ-та тәуелсіздік Декларациясының авторы Т.Джефферсон, Франция Конституциясының дем берушісі және идеологы генерал Шарль де Голль болса, жаңа тәуелсіз мемлекет — Қазақстан Республикасы Конституциясын қабылдаудың ұйымдастырушысы, дем берушісі және авторы

Елбасы Н.Назарбаев болғандығы бәрімізге аян.Қазақстан Республикасы Конституциясының Франция Конституциясына ұқсас тұстары өте көп. Дегенмен де, еліміздің жаңа Конституциясын дайындау барысында қазақ елінің өткен тарихтағы дәстүрлерінің көрініп тұратын болуы да ұмыт қалған жоқ. Елбасы Н.Назарбаев енгізген қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекет өмірінің аса маңызды мәселелерін демократиялық әдістермен, оның ішінде республикалық референдумда немесе Парламентте дауыс беру арқылы шешу принциптері ұзақ талас пікірлерден кейін жобаға енгізілді.Аталған принциптердің ішінде Қытай халқының қоғамдық қайраткері және саяси ойшылы Сунь Ятсеннің XX ғасырдың басында ұсынған «халықтық үш принцип» идеяларына ұқсайтындары бар. Оларды атап айтар болсақ — қазақстандық патриотизм, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім, халық игілігі үшін жасалатын экономикалық реформалар. Бұл принциптер Конституцияның халық алдындағы рухын көтеріп қана қоймайды, Ата Заңның барлық нормаларының осы принциптерге сәйкес келуі қажеттігін де ұғындырады.

Еліміздің Ата Заңының қалыптасуына белсенді түрде үлес қосып, оны негіздеу жұмыстарына жетекшілік жасаған Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев еліміздің конституциялық дамуына қатыстыбылай деп жазған: «Жалпы таным тәжірибесі және соның ішінде Қазақстанның мемлекеттік – құқықтық дамуы елдің конституциялық қалыптасу тарихынсыз жаңа тәуелсіз мемлекеттің конституционализм теориясы да болмайтындығын үйретеді» [5, 85].

Қазіргі Конституцияны қабылдаған кезден бастап өткен уақыт ішінде оған үш рет өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Ең елеулі өзгерістер Конституцияға 2007 жылы қабылданды. Жиынтықта олардың мәні келесіде болды: бара-бар сайлау жүйесіне көшу; парламенттік көпшілікпен премьер-министрді бекіту туралы нормаларды және үкімет басшысын тағайындау кезінде партиялық жіктермен президенттің кеңес тәртіптерін енгізу есебінен парламент мәртебесін нығайту; Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді және өздерінің өкілдерін белгіленген квотаға сәйкес парламент мәжілісі мен сенатына жіберу құқығын алды.

2011 жылғы ақпанда Конституцияға ел президентін тағайындау және кезектен тыс сайлауын өткізудің конституциялық негіздерін белгілеуге бағытталған өзгерістер енгізілді. Жаңа енгізілімдер сайлау процесінің айқындығы мен тиімділігін көтерді. Конституциялық негіздердің мызғымастығы ел дамуының тұрақтылығын, өз құқықтарының қорғалуындағы және алдағы өзгерістердің болжамындағы халықтың сенімін кепілдік етеді.

Бүгінде біздің еліміз 1995 жылғы Конституция бойынша өмір сүреді. Ол қабылданғаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті тандап алды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды, сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекетке айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына алды. Бүгінгі күні Қазақстан ішкі тұрақтылыққа жетті, әлеуметтік даму базасының сенімділігі қамтамасыз етілді, өңірдегі ең үздік экономика құрылды.

Конституция Қазақстан Республикасын демократиялық мемлекет деп жариялайды. Оның демократиялылығы, ең алдымен, мемлекет ішінде халық басқаруын қамтамасыз етуінен көрінеді. Ата Заң 3-бабының 1-тармағында мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы – халық делінген [6]. Бұл конституциялық норма Қазақстанның халықтық мемлекет екендігін білдіреді. Халықты жоғары биліктің иесі ретінде тану халық суверенитетінің көрінісі болып табылады. Халық өз билігін тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады, сондай-ақ өз билігін жүзеге асыруды мемлекеттік органдарға береді. Халықтың еркін көрініс тапқан бұл құжат өзінің нормалары мен принциптерінің көмегімен ғана емес, бекітілген идеялары арқылы да қоғам мен мемлекетті өркениетті елдердің қатарына жетелейді. Еліміздің Ата Заңы жүздеген жылдар бойы қалыптасқан адамзат баласының жалпы құндылықтарын өз бойына сіңірді. Конституциямызда адамдардың табиғи құқықтары мен

бостандықтары, билік институттарын демократиялық жолмен қалыптастыру және дамыту, Қазақстан аумағында азаматтық қоғам құру туралы дүниежүзі таныған прогрессивті идеялар бекітілді. Ол елімізде сан алуан идеологиялық, сенімдік, ұлттық, азаматтық ұжымдар мен топтардың бірлесіп бейбіт өмір сүруін қамтамасыз етуге бағытталған. Конституциямызда бекітілген нормалар Қазақстан Республикасын гүлдендіру мақсатында еліміздің барлық азаматтарының бірлесіп қызмет етулері үшін жағдайлар жасайды. Сондықтан, қазіргі кезде басты міндет – жеке тұлғалардың, қоғамдық ұйымдардың және мемлекеттік органдардың Республика Конституциясына деген дәстүрлі құрметін дамыту. Егер біз осы міндетті орындасақ, алдыңғы қатарлы Қазақстан мемлекетінің қалыптасқаны.

ҚР Конституциясының кіріспесінде Ата Заңды қабылдаудың себептері мен мақсаттары былай түсіндірілген: “Біз, ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы, байырғы қазақ жерінде мемлекеттілік құра отырып, өзімізді еркіндік, теңдік және татулық мұраттарына берілген бейбітшіл азаматтық қоғам деп ұғына отырып, дүниежүзілік қоғамдастықта лайықты орын алуды тілей отырып, қазіргі және болашақ ұрпақтар алдындағы тарихи жауапкершілігімізді сезіне отырып, өзіміздің егемендік құқығымызды негізге ала отырып, осы Конституцияны қабылдаймыз” [7]. Ата Заңның бұл бөлігі саяси және идеологиялық тұрғыдан алғанда аса маңызды. Өйткені бұл Ата Заң ҚР-да демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет құрудың конституциялық негізін қалады.

Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық заң салаларының заңдық базасы болып табылады, ал оның нормалары басқалары үшін нормалық принцип болып есептеледі. Қазіргі кездегі Қазақстандағы құқық жүйесінің қалыптасуы еліміздегі құқықтық мемлекет құру бағытымен ұштастырылуда. Сондықтан еліміздің Ата Заңының мәні мен оның алатын орны барған сайын жоғарылауда. Бүгінгі күні көпұлтты Қазақстан халқының бірлігі мен тұтастығын нығайту, азаматтық жауапкершілікті, адамдардың әл-ауқатын көтеру, қоғамдағы бейбітшілік пен тұрақтылықты орнықтыру біздің басты мақсатымыз болып қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ ССР Конституциясы, 1937 жыл.
2. Баймаханов М.Т. Конституция и процесс построения правового государства // Известия Минобразования и науки РК, НАН РК (Серия общественных наук). 1999. 2 (222).
3. Сапарғалиев Ғ. ҚР Конституциялық құқығы /оқулық/. Алматы, Жеті Жарғы, 2004.
4. Н.Ә. Назарбаев. ҚР Конституциясының 15 жылдығына арналған Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция, 2010жыл.
5. Н.Ә. Назарбаев Шынайы конституционализмсіз ашық өркениетті қоғам жоқ. //Қазақстан Республикасы конституциясының түсіндірме сөздігі – Алматы: Жеті Жарғы, 1996 жыл.
6. ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. 3-бап
ҚР Конституциясы 1995 жылғы 30 тамыз. Преамбула.

УДК 349.2

ЕҢБЕК НАРЫҒЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕРДІҢ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сейсембинова Зарина

seisembinova.zar@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-ның заң факультетінің 2 курс магистранты

Ғылыми жетекшісі – С.Б. Серикбекова

Жұмысбастылық мәселелердің бірі болып еңбек нарығындағы әлеуметтік сипаты бар қоғамдық өндірістерде әйелдер еңбегін қолдану болып табылады [16, 47-50].